

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

**БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ
ОҚИҒАЛЫҚ ТУРИЗМ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ****Ермек Мадина Таубежанқызы**e.madina_2000@mail.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультет магистранты,
Ғылыми жетекші – А. Баймбетова

Адамның ой-өрісі кеңейіп, өмір сүру көзқарастары жоғарылап, әлемді көруге деген талпынысы артып жатқан уақытта туризмді дамыту өте қолайлы. Әлемнің сан түрлі орталықтары, көрікті жерлері, мәдениеті мен салт-дәстүрі, сондай-ақ, әртүрлі бағыттар бойынша мерекелер мен фестивальдар, концерттік бағдарламалар бүгінгі таңда қызғушылықты арттырып отыр. Қазіргі таңда жан баласы тек өз аймағында ғана емес, басқа да елді мекендерде өткізілетін іс-шараларға баруға ниеттеніп, көптеген турларды сатып алып, саяхат жасауда. Дүниежүзі қазіргі уақытта жаңа технологиялар мен техникаларды бағындырып, оларды оңтайлы етіп ойластырып, халыққа пайдалы, тиімді болуды мақсат ете отыра әрбір мемлекет өздерінің экономикасын, саясатын, демографиясын, географиялық жағдайларын ретке келтіріп, даму үстінде. Осылайша өздерінің әлуметтік жағдайларын қалыпқа келтіре отыра өз елдерің басқа мемлекеттерге танымал етуде. Осының барлығы тиімді, жақсы идеялармен бастау алып, ұтымды жоспарланған ұлттық туризм саясаты арқылы елдің пайдасын арттыруда.

Елдің экономикасын арттыруға өз үлесін қосатын туризм саласы қазіргі күнде өзінің бағыттарын кеңейтіп, жан-жақты салаларды қамти отыра адамдардың сұранысы мен қажеттілігіне орай көптеген турлар ұйымдастыруда.

Бұл турлар арқылы туризмнің көптеген бағыттары бар екендігіне көз жеткіземіз, олар: танымдық, рекреациялық, іскерлік, спорттық, діни және тағы басқа функционалдық классикалық түрлеріне байланысты ұйымдастырылатын турлар. Сондай-ақ, туризм түрлері турдың ұйымдастырылуына, оның ұзақтығына, транспорттардың қолданылуына, туристердің жас ерекшелігіне, қаржыландыру көздеріне де байланысты әртүрлі турларды өздеріне қамтиды. Кейінен уақыт өте келе арнайы бағыттағы турлар әзірленіп, қазіргі таңда жаппай туризм емес, сирек таңдалатын, түпкілікті түрөнімді өндіру бойынша еңбекті талап ететін, дәстүрлі емес жаңа турлар ұйымдастырылуда. Осы арнайы турларды туризмнің түрлеріне жататындар: діни; іскерлік; конгресс-көрме; интенсивті, емдеу-сауықтыру, экологиялық, оқиғалық, тау шаңғысы, экстрималды, круиздік туризм [1].

Бұл туризмнің арнайы түрлерінің қосымша қызметтері сан-алуан болуы мүмкін, оның барлығы туристің қажеттіліктеріне, сұранысына байланысты. Бұл туризм түрлерінің ішінен заманның талаптарына сай өткізілетін арнайы іс-шаралар мен мерекелік концерттер, арнайы өткізілетін фестивальдер мен карнавалдарға баруға мүмкіндік беретін сан түрлі оқиғаларға толы оқиғалық туризмді қарастырамыз.

Оқиғалық туризм дегеніміз не? Бұл туризм түрімен қандай саяхаттар ұйымдастыруға мүмкіндік бар? Бәсекелестік Қазақстанның қай қалаларында болуы мүмкін?

Оқиғалық туризмді көптеген ғалымдар зерттеген. Олардың ішінде көбінесі орыс ғалымдарын, атап айтсақ Бабкин А.В., Донских С.В. бұл ғалымдардың зерттеулері бойынша өздерінің еңбектерінен оқиғалық туризмді салыстырмалы түрде жас әрі қызықты туризм бағыттарының бірі деп санаған. Оқиғалық туризм саяхатының негізгі мақсаты бір немесе бірнеше оқиғаға негізделе отыра тур ұйымдастыру. Бұл туризм түрінің негізгі міндеті – оқиғаларға сай әртүрлі эмоцияларды сезіну. Әлемнің түрлі әрі ең керемет, үздік іс-шаралары мен дәстүрлі демалысты біріктіретін бұл туризм түрі қазіргі күнде туристер арасында танымал болуда. Оқиғалық туризм туралы түсінік әртүрлі әдебиеттер көзінде авторлардың ойларымен жеткізілген (кесте 1).

Кесте 1 – Іс-шаралар анықтамасы

Авторлар	Анықтамалар
Доктар Джо Голдблатт (1990)	Ерекше іс-шаралар – белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған рәсімдер мен жоралардан тұратын уақыттың ерекше сәті.
Доналд Гетз (1997)	Ерекше іс-шаралар – демеуші не болмаса ұйымдастырушы органның әдеттегі бағдарламалары мен іс-шараларынан тыс бір реттік немесе сирек өткізетін ерекше шаралары, қонақтар мен клиенттер үшін арнайы іс-шаралар күнделікті тәжірибелерден бөлек, үйреншікті таңдаулардан басқаша уақыт өткізу және әлуметтік не болмаса мәдени тәжірибе алмасу мүмкіндігі.
Шон (2001)	Ерекше іс-шаралар – әдеттегі әрекеттер мен күнделікті іс-шаралардан бөлек, демалыс, көңіл көтеру, мәдени, жеке немесе ұйымдастырушылық мақсаттарды көздейтін, адамдар тобының тәжірибесін жариялауға, атап өтуге, көңіл көтеруге немесе сыңауға бағытталаған стандартты емес іс-шаралардан туындайтын құбылыс.
<i>Ескерту – мәліметтер [2] негізінде құрастырылған</i>	

Оқиғалық туризм ішінде арнайы бағытталған іс-шаралар әртүрлі мақсаттарда ұйымдастырылатын және де күнделікті әрекеттерден ерекшелетін, өзге іс-шаралар болып табылады. Арнайы іс-шараларды 2001 жылы Шон өзінің зерттеулері бойынша 4 топқа бөліп қарастырған. Біріншісі, бос уақытты өткізу іс-шаралары, екіншісі, мәдени іс-шаралар, үшінші арнайы іс-шараларға ұйымдастырушылық іс-шаралар жатқызылса, соңғы, төртінші топты, жеке іс-шаралар деп қарастырылған екен. Осы Шон мырза қарастырған іс-шаралар арнайы болып бөліне отыра өз алдына әртүрлі мақсатта, түрлі бағытта ұйымдастырылатын топтарды құрастырған. Бұл арқылы біз оқиғалық туризм ерекше іс-шаралармен көптеген бағыттарға бөлініп, қызықты да, пайдалы арнайы бағдарламалардың ұйымдастырылатынының немесе қай бағттарда оқиғалық турларды ұйымдастыруымызға болатының қарастыруымызға болады. Шон мырзаның 2001 жылы арнайы іс-шаралар тобының жоғарыда жазылған 4 түрін атап кетсек: бос уақытты өткізу, мәдени, жеке, ұйымдастырушылық іс-шаралар.

Арнайы іс-шаралар төртке бөлініп өз алдына арнайы бағыттарды қамтиды. Ең алғашқы бос уақытты өткізу іс-шараларына, көңіл көтеру мақсаты бойынша ұйымдастырылған не болмаса рекреациялық іс-әрекеттерді қамтитын арнайы іс-шаралар жатқызылады. Оларға: спорттық шаралар, түрлі ойын-сауық, рекреациялық іс-шаралар жатқызамыз. Бұл арнайы іс-шаралар коммерциялық және коммерциялық емес болып бөлінеді.

Келесі арнайы іс-шаралар тобына жеке іс-шаралар жатқызылады, мұндай іс-шаралар әртүрлі әлуметтік және өмірлік оқиғаларды атап өтуге, еске алуға, сондай-ақ, түрлі арнайы оқиғаларды тойлау кезінде ұйымдастырылады. Мысалы, жеке іс-шараларға шағын топтардың арасында туған күн, мерей той және де үлкен тойларды жатқызуымызға болады. Мұндай оқиғалар кішігірім қонақтар санынан 500 қонаққа дейін ұйымдастырылуы мүмкін.

Арнайы іс-шаралардың келесі түрі: мәдени іс-шаралар. Бұл мәдени іс-шараларды ұйымдастырғанда арнайы рәсімді, салт-дәстүрлер мен мәдени, діни астары бар мерекелік іс-шараларды кіргіземіз. Жалпы мәдени оқиғалар үлкен бір мәдени іс-шараның маңызды бөлігі болып келеді. Оларға мысал ретінде: тұсау кесер, сүндет той, тілашар сынды мәдени оқиғалар мен өнер мен мұраларға арналған салтанатты шараларды жатқызамыз.

Арнайы іс-шаралардың соңғы түрі: Ұйымдастырушылық іс-шаралар болып табылады. Бұл барлық ұйымдастырушылық қызметтер өткізілетін бір мекеме не болмаса бір салада жұмыс істейтін тұлғалар ұйымдастыратын ірі іс-шаралардың бір бөлігі. Мұндай іс-шаралар қатарына коммерциялық, сауда, саяси бағытта ұйымдастырылатын оқиғалар мен қайырымдылық іс-шаралар кіреді.

Оқиғалық туризмнің басты мақсаты әртүрлі іс-шаралар мен оқиғаларға қатысу болып

табылатын туризм саласында ұйымдастырудың ерекше түрі.

Арнайы іс-шараларды ұйымдастыру оқиғалық туризмін дамытуда басты рөл атқарады. Туристер музыка фестивалі, спорттық жарыс, мәдени іс-шара, көрме немесе конференция сияқты белгілі бір іс-шараға қатысу үшін саяхаттауды таңдайды. Іс-шара туризмінің негізгі идеясы туристерге осы іс-шараларға қатысу арқылы жергілікті мәдениет пен көрікті жерлермен араласу мүмкіндігін беру болып табылады. Арнайы іс-шараларды ұйымдастыру сапарды жүзеге асырудың практикалық аспектісін қамтиды: іс-шараға билеттерді брондау, сол елді мекенде орналасу, көлікті жалға алу немесе трансферлік қызметтерді алдын ала жалдау, экскурсиялар мен басқа да қажетті қызметтер. Оған қоса, іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді де қамтиды. Бұл концертті, фестивальді немесе басқа мерекелерді ұйымдастыруды, сондай-ақ туристерге арналған шеберлік сабақтарын, экскурсияларды және презентациялар сияқты әртүрлі қосымша іс-шараларды үйлестіруді қамтуы мүмкін. Арнайы іс-шаралар компоненттері оқиға мазмұны, негізгі қызмет, кездесу орны, жетекші және ұйымдастырушысы, қатысушылар.

Арнайы ұйымдастырылатын іс-шаралар компоненттері. Бұл арнайы бағытталған компоненттерге ең әуелі ұйымдастарғалы отырған оқиғаның мазмұны мен негізгі қызметі баяндалады. Ол кез-келген арнайы бағытталып ұйымдастырылатын іс-шараның мазмұны мен негізгі қызмет түрінен құралады және де олар арнайы оқиғаның қай бағытта дайындалғанына, іс-шараның түрі мен мақсатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ, арнайы компоненттер қатарына кездесу орны кіреді. Кездесу орны – бұл орын арнайы адамдар санын орналастыруға мүмкіндік беретін қонақ үйлердің мәжіліс залдары және де мемлекеттік немесе жеке қаланың орталықтарында орналасқан қоғамдық арнайы іс-шара ұйымдастыруға арналған алаңдар мен мекемелер де болуы мүмкін. Арнайы ұйымдастырылатын іс-шаралардың дұрыс ұйымдастырылуын іс-шараның жетекшісі мен ұйымдастырушыларымен тікелей байланыстырамыз. Бұл адамдар арнайы бағытталып оқиғаның біріне арнайылап ұйымдастырғалы отырған іс-шараның бастаушылары, ұйымдастырушылары, қай кезеңде, қалай және қандай бағытта ұйымдастырылуын басынан соңына дейін бақылай отыра іс-шараны өз мәресіне жеткізу. Жалпы қарастыратын болсақ, арнайы іс-шараның жетекшісі оқиғаны ұйымдастырғысы келетін жеке тұлға немесе бірнеше адамдардан құралған адамдар тобы мен арнайы құрылған ұйым болуы мүмкін. Сонымен қоса, бұндай адамдар немесе адамдар тобы арнайы іс-шараларды ұйымдастыратын басқару компаниялары мен арнайы ұйымдастырушылық қызмет көрсететін ұйымдар да болады. Ал ұйымдастырушылар өз алдына жетекшінің талаптары мен арнайы қажеттіліктеріне сәйкес арнайы бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру қабілетті бар адамдар тобы болады. Бұл компоненттердің ең соңында біз іс-шараға қатысушылар тобын қарастырамыз. Бұл болғалы отырған оқиғаның ең бір ерекше тұстарының бірі болады, себебі арнайы іс-шарамен қызығатын адамдар тобы жиналады, яғни алдын-ала мақсатты аудитория қарастырылады. Осы қатысушылар да, бұл шараға келіп көрермен болып, қонақ болып кететін адамдар ұйымдастырылып отырған оқиғалық іс-шараның негізгі құрамдас бөлігі деп танылады. Оқиғаның ауқымдылығына байланысты кішігірім және де көп аудитория жинайтын арнайы мақсатта ұйымдастырылған іс-шараның қатысушылар саны да әртүрлі болып келеді.

Арнайы бағытталған іс-шараларды ұйыстарту біздің еліміздің әр өңірінде өзіндік ерекшелікпен ұйымдастыруға болады. Жалпы алғанда оқиғалық туризмді дамыту мақсатында елімізде арнайы іс-шаралар ұйымдастыру мүмкіндіктері бар. Ол үшін мәдениет саласын қарастыра келе, Қазақстан Республикасын және де өңірлер бойынша статистикалық мәліметтеріне көз жүгіртейік. Алдағы кестеде, еліміздің мәдениет саласын дамытуға тікелей қатысы бар мекемелер саны әр өңір бойынша көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының аймақтарындағы мәдениет мекемелер желісі (2023 жылға)

Аймақтар	Театрлар	Мұражайлар	Мәдени-демалыс мекемелері	Кинотеатрлар	Концерттік ұйымдар	Саябақтар
----------	----------	------------	---------------------------	--------------	--------------------	-----------

Абай	1	8	125	3	1	6
Ақмола	2	15	261	2	х	3
Ақтөбе	2	20	202	2	1	9
Алматы	2	16	118	х	-	11
Атырау	1	16	82	4	2	9
БҚО	2	19	269	9	3	11
Жамбыл	3	17	199	5	1	13
Жетісу	х	14	134	2	3	1
Қарағанды	4	16	255	8	1	19
Қостанай	4	9	244	7	1	9
Қызылорда	1	14	172	2	2	3
Маңғыстау	2	7	42	6	1	10
Павлодар	2	12	280	5	1	4
СҚО	3	13	240	4	1	6
Түркістан	3	27	252	3	х	27
Ұлытау	х	6	43	х	1	2
ШҚО	1	9	172	3	1	5
Астана қ.	9	9	1	11	4	22
Алматы қ.	23	19	1	21	17	20
Шымкент қ.	6	5	10	6	1	18
<i>Ескерту – мәліметтер [3] негізінде құрастырылған.</i>						

Жоғарыдағы кестеде Қазақстан Республикасы мен өңірлерінде қандай және қанша мәдениет мекемелері бар екені кестеге келтірілген. Жалпы алғанда, елімізде, Қазақстан Республикасында қоғамдық кітапханалардың саны 3917, мәдени-демалыс ұйымдар 3102 және 271 мұражай, 208 ойын-сауық және демалыс саябағы, 105 кинотеатр мен 73 театр, сондай-ақ, 44 концерттік ұйымдары, 13 хайуанаттар бағы және 3 цирк жұмыс істеді екен. Ал 2022 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасында: 3920 қоғамдық кітапхана, 3098 мәдени-демалыс ұйымдары, 264 мұражай юолса, 177 ойын-сауық және демалыс саябағы, 104 кинотеатр, 65 театр, 33 концерттік ұйым, 13 хайуанаттар бағы және 3 цирк өз жұмыстарын атқарған екен. Бұл бір жыл ішінде бірнеше мәдениет мекемелері еліміздің кейбір қалаларда көбейгендігі, яғни, бұл жерлерге баратын адамдардың өсуі, өңірдің жаңа мекеме ашуға мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Сандық көрсеткіштер бойынша 2021 жылы ең жоғарғы кітапханаға барғандар көрсеткіші 49 633 адамға, ойын-сауық және демалыс саябақтарына барушылар саны 10 644-ке жетіп, кинотеатрларға 8 453 адам барып демалса, мұражайларымызға 5 104 адам барған екен. Бұл ретте ең көп іс-шараларды мәдени-демалыс ұйымдары, оның ішінде 125 200 адам, театрларға 10 800 адам жиналса, концерттік ұйымдарға 3 600 адам барғаны жайлы ақпарат жыл соңында есептелінді. Араға бір жыл сала, 2022 жылы ең көп келушілер кітапханаларда 51 239 адамды құраса, 17 047 адам кинотеатрларға және ойын-сауық пен демалыс саябақтарына 14 273 адам жиналса, 6 097 адам мұражайларға барған екен. Сонымен қоса, ең жоғары келген келушілер санын мәдени-демалыс ұйымдары алып отыр, айта кететін болсақ, 196 700 жан, ал сол жылда жастар арасында өзінің трендте жүрген қойылымдарымен таңқалдырып, театр әлемі өзінің 15 400 көрерменің құшақ жая қарсы алған еді. Бүлдіршіндеріміздің көңілдерін көтеріп арнайы 6 700 іс-шара ойын-сауық пен демалыс саябақтарында өткізілсе, концерттік ұйымдар 5 900 іс-шара өткізген екен.

Өңірлік бөлініс бойынша оңтүстік астанамыз, Алматы қаласы бойынша 2022 жылы 5 830 келушілер, қасиетті Түркістан облысында 3 914 адам, ал Ақмола облысы бойынша 3 518 адам болса, Абай облысы бойынша 3 518 адам білімділер ордасы кітапханаға барған болып есептелінді. Үлкен экрандарда көрсетілетін тамаша туындыларға, киносеанстарға ең көп қатысу Республикалық маңызы бар қалаларға тиесілі: Алматы қаласы – 6233,1 мың келу, Астана қаласы –3552 мың келу, Шымкент қаласы – 1264,7 мың келу. Мұражайларға ең көп Түркістан облысында 1 492 мың адам және Астана қаласы бойынша 643 мың адам барған екен.

Бұл көрсеткіштер арқылы еліміздің мәдени саласында айтарлықтай іс-шаралар ұйымдастырып, келушілердің қызушылықтарын арттырып отыр. Осындай арнайы бағытта іс-шаралар ұйымдастыру арқылы біз болашақта оқиғалы туризмімізді дамытып, өңірлеріміздің бұл бағыт бойынша бәсекеге қабілеттілігін арттырамыз [4].

Ол үшін Қазақстан бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отыра жаңа технологияларды енгізумен қатар арнайы бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру. Бұл бағыт ендігі еліміздің 2023 жылдың 18 науырызда енгізіліп отырған Ұлттық киім күні мен Ұлыстың ұлы күні 22 наурыз мейрамдарында өзіміздің отандастарымызбен бірге қала қонақтарын, сонымен қоса, шетелдік туристерді елімізде өткізілетін арнайы іс-шараларға шақырту. Бұл біздің оқиғалық туризмімізді дамытуға үлес қосып, өңірлер арасындағы бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік береді.

Оқиға туризмінде арнайы іс-шараларды ұйымдастыру жергілікті іс-шараларды басқару ұйымдарымен, сондай-ақ туристік қызмет провайдерлерімен ынтымақтастықты талап етеді. Туристердің жайлылығы мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әрбір іс-шараның барлық ерекшеліктерін ескеру қажет. Оқиғалық туризмде арнайы іс-шараларды ұйымдастырудың бірнеше артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл туристерге белгілі бір оқиғаға қатысумен байланысты бірегей тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Екіншіден, жергілікті халықтың мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, арнайы іс-шараларды ұйымдастыру аймақтың экономикалық өсуі мен дамуын ынталандырады. Жалпы, оқиғалық туризмде арнайы іс-шараларды ұйымдастыру туристерді тартуда және туризм индустриясының дамуына үлес қосуда маңызды рөл атқарады. Бұл ұмытылмас әсерлер мен жағымды естеліктер жасай отырып, саяхаттауға және әртүрлі мәдени және рекреациялық іс-шаралардан ләззат алуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Бабкин А.В. Специальные виды туризма. – Учебное пособие, Ростов-на-Дону, 2008. – 252 с.
2. Доктар Джо Голдблатт. Ивент-менеджмент: Организация мероприятия для нового мира. – Wiley, 2004. – 528 с.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: [https://stat.gov.kz/upload/iblock/636/ftz2548e2ifkr4m1p0zsat3afnue4gxb/Мәдениет%20\(1\)%20\(1\).pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/636/ftz2548e2ifkr4m1p0zsat3afnue4gxb/Мәдениет%20(1)%20(1).pdf).
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/425/2vlob95ln1a5d8csjabvkjt7lhuxypj5/Мәдениет.pdf>.

УДК 338.48

ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ АКТИВНОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Жансаби Қырмызы Қуанышқызы

k.zhansabi@mok.kz

студентка второго курса Образовательной программы «Туризм»
Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан
Научный руководитель – Рустемова А.Т

В настоящее время, во время бурного развития цифровизации и новых технологий, человечество постепенно лишает себя двигательной активной, что как следствие вызывает различные проблемы не только со здоровьем, но и эмоциональным состоянием. В этой связи,